

«Дин-Асыл-2» бөбекжай-балалар жайының
меңгерушісі Д.А. Б.Т. Мусабая



**ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай – балабақшасының педагог-
психологтың
2025-2026 жылғы жұмыс жоспары**



Педагог – психолог: А.Б.Ақжигитова

Кентау қаласы

**ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай – балабақшасының педагог-психологтың
2025-2026 жылғы жұмыс жоспары**

№	Атқарылатын жұмыстың атауы	мерзімі	мақсаты	Жауапты маман
1	Баланың дамуы мен мінез-құлқындағы проблемаларды анықтау	Жыл бойы	мектепке дейінгі жастағы балалардың	Педагог психолог
2	Психологиялық, эмоционалдық-коммуникативтік және тұлғалық даму деңгейі мен ерекшеліктеріне психологиялық диагностика жүргізеді, психологиялық қорытынды жасау	Жыл бойы	психологиялық және әлеуметтік ортадағы жайлылығын қамтамасыз	Педагог психолог
3	Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасының дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтайды, әртүрлі психологиялық (психологиялық профилактикалық, дамытушылық және консультациялық) көмек көрсету	Жыл бойы	етуге және қалыпқа келтіруге бағытталған қызметт	Педагог психолог
4	Ата-аналарға, тәрбиешілерге және педагогтерге консультациялық көмек көрсету	Жыл бойы		Педагог психолог
5	Балаларды бейімделу диагностикасы, ата-аналармен алғашқы кеңес, тәрбиешілермен үйлестіру жұмысы Ерекше білім қажет ететін балаларға жылдық жоспар құру Жеке түзету-дамыту жұмысын қажет ететін балаларға жылдық жоспар құру	Қыркүйек	Жаңа оқу жылына балалардың бейімделу деңгейін анықтау, психологиялық қолдау көрсету	Педагог психолог
6	Танымдық процестерді диагностикалау (зейін, ес, ойлау). Жеке және топтық түзету сабақтарын бастау	Қазан	Балалардың танымдық даму ерекшеліктерін анықтау,	Педагог психолог

			түзету-дамыту жұмыстарын жүйелеу	
7	Эмоциялық-ерік саласын зерттеу. «Шаттық шеңбері» ойындарын өткізу. Ата-аналарға психологиялық кеңес	Қараша	Эмоциялық жағдайды реттеу, қарым-қатынас дағдыларын дамыту	Педагог психолог
8	Қысқы кезеңде балалардың күйін бақылау. Педагогтарға кәсіби күйзелістің алдын алу тренингі	Желтоқсан	Психологиялық тұрақтылықты сақтау, эмоционалдық қолдау	Педагог психолог
9	Қиял, шығармашылық қабілеттерді дамыту ойындары. Ата-аналар жиналысына қатысу	Қаңтар	Шығармашылық және ойлау қабілетін жетілдіру	Педагог психолог
10	Қарым-қатынас мәдениетін дамытуға арналған топтық жаттығулар. Конфликттің алдын алу	Ақпан	Балалардың тіл табысу дағдылары нығайту	Педагог психолог
11	Мектепке даярлық диагностикасының бірінші кезеңі. «Мен мектепке барамын» бағдарламасы	Наурыз	Мектепке психологиялық дайындықты бағалау	Педагог психолог
12	ЕБҚ балаларымен жеке түзету жұмыстары.	Сәуір	Инклюзивті білім беруді қолдау, психологиялық мәдениетті арттыру	Педагог психолог
13	Жылдық қорытынды диагностика. Әр балаға психологиялық мінездеме дайындау	Мамыр	Даму динамикасын талдау, қорытынды есеп құрастыру	Педагог психолог
14	Жазғы кезеңдегі бейімделу жұмысы. Ата-аналарға кеңес беру	Маусым	Балалардың жазғы демалыс кезіндегі эмоционалдық	Педагог психолог

			қолдау	
15	Бөлімнен келген тапсырмалар, хаттар мен хаттамалық тапсырмаларды мерзімінде орындау, жоспардан тыс іс шараларды ұйымдастыру.	мерзімінде		Педагог психолог

Әдіскер:  Қалдыбек Ж

«Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы

«Бекітемін»

«Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасының

менгерушісі: А.Б. Мусабасова Б.Н.

« » 2026 жылы



**«Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы
педагог-психологтың 2025-2026 оқу жылының
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Психолог: А.Б. Ақжигитова

2025-2026 оқу жылы

Педагог-психологтың 2025-2026 оқу жылының жылдық есебі

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін, балалардың эмоциялық психофизикалық денсаулығын қамтамасыз ететін жағымды әлеуметтік ортасын қалыптастыруда, педагогтарға, ата-аналарға, көмек көрсету. Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру, білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері:

- Балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру.
- Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;
- Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.
- Педагогикалық ұжымға және ата-аналар қауымына. "Салауатты өмір салты" физикалық және психикалық денсаулығын сақтау туралы түсіндірілді.

Жылдық жұмыс бағыттары;

- Түзету-дамыту жұмыстары
- Консультация беру
- Диагностикалау
- Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру

2025-2026 оқу жылына жылдық жоспар жасалынды. Балабақшада психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатында және балабақшаның тәрбие беру ортасында балаларға арнайы жағдай жасай отырып, баланың даму мақсатындағы психологиялық нәтижелерін бақылауға алынды. Балаларды индивидуалды жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдау жүзеге асырылды.

Педагогтармен ата-аналарды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады. Түзету-дамыту жұмыстары. Консультация беру. Диагностикалау. Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру.

Журнал; Ақыл кеңес журналы.

Баламен жұмыс-балалардың балабақшаға бейімделуі.



Баланың адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету. Баламен танысып, топ тізімін дайындау уақыты оқу жылының басында және аяғында іске асырылды. Балабақшаның балаға әсер етуін анықтау. Баланың танымдық қабілетін арттыру, қоршаған ортамен таныстыру, логикалық ойлау және тілді дамыту. Сонымен қатар мүсіндеу, сурет салу, жапсыру, дене шынықтыру, музыка сияқты шығармашылық бағыттарды да қамтиды. Оқу процесі балаларды жалықтырмас үшін көбіне ойын түрінде, интерактивті жабдықтармен дидактикалық материалдарды қолдана отырып, балаларды қызықтыру. Сұрақ-жауап арқылы, топтың ауа райын бақылау "төмен" деңгейдегі балалармен жұмыс. Баланың мектепке дайындығын сұрақ-жауап арқылы анықтадым. Жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу. Ата-аналармен жұмыс-Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктеріне қарай, ақыл-кеңестер берілді. Баланы балабақшаға қалай дайындау керек? Балабақшаға деген көзқарасын анықтау. Жылдың басында балалардан алынған зеріттеу жұмыстарының қорытындысы мен ата-аналар таныстырылды. Ата-аналарға арналған дөңгелек үстел "Балабақша мен отбасы" "Болады болмайды" тақырыбында тренинг өткізілді. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты анықтау үшін сауалнама алынды "Көңіл-күй терепиясы" тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Ата-аналардың тұлғалық ерекшеліктерін айқындау психологиялық ағарту және профилактика (дәріс, әңгіме) түзету, дамыту жұмыстарына қатысты.

Педагогтармен жұмыс - педагогтардың жаңа оқу жылында психологиялық көмек берілді. Жас тәрбиешілерді ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл кеңестер берілді.

Қыркүйек - айынан бастап 12 топпен жұмыс жасалды. Оның ішінде 3.4.5. жас аралығындағы балалармен жұмыс жасалды. Жылдық жоспар, айлық жоспар, апталық жұмыс жоспары құрылды. Қыркүйек айында балалардың адаптациялық кезеңнен өтуіне байланысты психопрофилактикалық, психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді. Балалармен жақын танысып, топтың тізімдері дайындалды. Психологиялық ойындар арқылы, балалардың ойындағы әртүрлі ережелерді сақтай білуін үйрету. Балаларды біріктіре отырып, топтық жұмыс жасай алуына ықпал етілді.



- Қыркүйек айында ата-аналардан. Білім беру қызметтері туралы шартқа сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған психологиялық - педагогикалық жұмыс жоспары туралы хабар берілді. Баланың психологиялық сүйемелдеуі төмендегілерді қамтыйды; психологиялық диагностика, консультация беру, тренингтер (жеке және топтық) жұмыстарына ата-аналардан таныстым деген келісім шартқа қол қойылды.

Қыркүйек айында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас ерекшеліктері анықталды, балаға өзінің ішкі дүниесін көрсетуіне және өзін түсінуге ықпал жасалды. Көру арқылы балалардың зейінін дамыту, ойын, қиялын, сөздік


қорын дамыту мақсатында балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары жасалды.

- Бұл қандай дыбыс?
- Кім кетіп қалды?
- 3 түрлі құрастырмалы матрешка (саусақ қимылдары)
- Көп және аз
- Арағ көмектес

Қыркүйек айы бойынша, топ балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп. Балалардың деңгей диаграммасы анықталды.

Жұмыстың тақырыбы: „Әртүрлі пішіндер,,

Мақсаты: Пішіндерді тану және ажырату. Қимыл-қозғалыс арқылы есте сақтауды дамыту. Зейін, моторика және кеңістікті қабылдауды дамыту.



Жұмыстың тақырыбы;Бұл қандай дыбыс?

Мақсаты;Баланың дыбысты ажырата білуіне үйрету.Бала зейінді дыбысқа аударып.Дыбыстарды танып,еркін атап бере алуы керек.


Жұмыстың тақырыбы;Кім кетіп қалды?

Мақсаты;Баланың зейінін,есте сақтау,байқағыштық қабілетін дамыту,сөздік қорын молайту.Қабылдау мен ойлауын дамыту.

Жұмыстың тақырыбы:,,3түрлі құрастырмалы матрешка,,

Мақсаты:Баланың зейінін,логикалық ойлау,салыстыру қабілетін дамыту.

Түс,көлем,пішінді ажырату.Ұсақ моториканы дамыту.



Жұмыстың тақырыбы: ,, Көп және аз,,

Мақсаты:Баланың зейіні мен ойлау қабілетін дамыту.Көп және аз ұғымдары үйретілді.Салыстыру дағдыларын дамыту.

Жұмыстың тақырыбы: ,,Араға көмектес,,

Баланың ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігін дамыту.

Түстерді,пішіндерді,сандарды ажырату қабілеттерін
қалыптастыру.Зейін,ойлау,қабылдау қабілеттерін дамыту.

Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Қыркүйек айында балаларға осындай жұмыстар жүргізілді.



2024-2025 оқу жылының Қазан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша Қазан айынан бастап. Түзету - дамыту жұмыстары өтілді.

- Суретте не бейнеленген?
- Санап көрсет.
- Бірдей суретті тап.
- Мынау суретте не жетіспей тұр?
- Мынау не?



Жұмыстың тақырыбы: Суретте не бейнеленген?

Мақсаты: Сөздік қорын молайту. Сөйлеу тілін дамыту. Зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Жұмыстың тақырыбы: Санап көрсет.

Мақсаты: Санай білу дағдыларын дамыту. Зейін мен ойлауды дамыту. Сан мен заттың санын сәйкестендіре білу.

Жұмыстың тақырыбы: Бірдей суретті тап.

Мақсаты: Қабылдау мен ойлау қабілеттерін дамыту. Зейін мен есте сақтауды дамыту. Салыстыру және ажырату дағдыларын қалыптастыру.

Жұмыстың тақырыбы: Мынау суретте не жетіспей тур?

Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтауын, ойлауын және тілін дамытуға өте пайдалы.

Жұмыстың тақырыбы: Мынау не?

Мақсаты: Мынау не? Ойыны - балалардың зейінін, қабылдауын және ойлауын дамытуға арналған дидактикалық ойын.

Жұмыстың тақырыбы: Төлін тап.

Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажырату. Сөздік қорын дамыту. Зейін мен есте сақтауды дамыту.

Қазан айында. Ойын түрінде психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналарға консультациялық бағытта, Балаларға қандай ойыншықтар қажет?, тақырыбында кеңес берілді.

2024-2025 оқу жылының Қараша айына, айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қарашаның 1-нен бастап Ортанғы топтарға, Мектеп алды топтарына „Заттарды ата,,

„Балалардың қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін анықтау,,

тақырыбында психодиагностика жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарға психодиагностикалық бағытта „Дана баланы тәрбиелей аласыз ба?,, тақырыбында сауалнама алынды.

Психологиялық ағарту бағыты бойынша Ерте жас, Ортанғы топтарға, Ересек топтарға .

- „Сәлем ,бұл-менмін,,
- „Армандар,,
- „Түрлі-түсті доптар,,(жаттығу)

- „Жағымды сөздер,,
- „Мен күлгенді ұнатамын,,
- „Табиғат аясында саяхат,,(сергіту сәті)

Тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді.

Педагогтардан „Сіздің туылған айыңыз,сіз туралы не айтады?,,тақырыбында сауалнама алынды.

Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама,хаттама,қорытындысы шығарылды.Қараша айында осындай жұмыстар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылының.Желтоқсан айының жоспары.Жоспар бойынша Желтоқсанның 1-нен бастап.Психологиялық ағарту бағыты бойынша.

Ерте жас,Ортанғы топ,Ересек топ,Мектепалды топтарына.

- Сыйлық,Жеміс-жидек,
- Доп(ойыны),
- Сыйқырлы ғажайып орман,
- Менің есімімді ата,
- Тілек шамы,,

атты балаларға тренинг ойындар жүргізілді.

Ересек топ.Мектеп алды топтарына

- „Жунглидағы жаңбыр,,
- „Керектісін ата,,
- „Бірдей суретті тап,,

тақырыбында психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді.Психологиялық ағарту бағытта педагогтарға

„Көңілі көтеріңкі ұстаздың ,еңбегі де жемісті!,, балабақша қызметкерлеріне „Мен әншімін „ Ата-аналарға

„Жанұя бақыты,,тақырыптарында тренингтер жүргізілді.

Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама,хаттама,қорытындысы шығарылды.

Желтоқсан айында осындай жұмыстар жүргізілді.

2025-2026оқу жылының Қаңтар айынан айлық жоспар жасалынды.Жоспар бойынша Қаңтар айынан бастап.Ортанғы топ,Мектеп алды топтарына

„Аз және көп,, „Ересек балалардың мектепке дайындығы „тексерілді

тақырыптарында психодиагностикалық жұмыстары жүргізілді. Психологиялық ағарту бойынша Ерте жас, Ортанғы топ, Ересек топ, Мектепалды топтарына


- Жұбын тап.
- Кім нені жақсы көреді?
- Таспақалардың жүгірісі.
- Жаңбыр. (интерактивті тақтамен)
- Достық.
- Шарды үрлеу

Тақырыптарында балаларға тренинг ойындары жүргізілді.

Педагогтардан „Ойын арқылы оқыту технологиялары,, тақырыбында тест алынды.

Ата-аналардан „Біз бір-бірімізді жақсы білеміз бе?,, деген тақырыпта сауал нама алынды. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама хаттама қорытындысы шығарылды.





2025-2026 оқу жылының Ақпан айына айлық жоспары. Жоспар бойынша Ақпан айынан бастап балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

- Графикалық диктант.
- Ормандағы ағаштар.
- Аспанға қалай жетуге болады?
- Тығылмашақ.
- Гүл(түрлі түсті қағаздан жасау)
- Керісіншелер елі.

Тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Педагогтарға „Мен өмірді сүйемін,, тақырыбында тренинг жүргізілді.

Балабақша қызметкерлеріне „Сіз төзімдісіз бе?,, тест жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

ROSSO =




GIALLO =



VERDE =



BLU =



2025-2026 оқу жылының Наурыз айының айлық жоспары жасалынды. Жоспар бойынша Наурыз айында балалармен келесі түзеру - дамыту жұмыстары жүргізілді.


- Сөйлемді аяқта тесті.
- Арқаға жазу.
- Әртүрлі пішіндерді боя, қи, жапсыр.
- Айырмашылығын тап.
- Жағымды сөздер.
- Тығылмашақ.

Тақырыптарында тренинг ойындар арқылы жүргізілді.

Балабақша қызметкерлеріне „Таңғажайып дорба,, „Есте қалған қызықты оқиға,, атты тренинг ойындары жүргізілді.

Наурыз айында жүргізілген жұмыстарға хаттама қорытындысы шығарылды.







2025-2026 оқу жылының Сәуір айының жоспары. Жоспар бойынша Сәуір айында. Психологиялық бағыт бойынша, балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.


- Сәлем бұл менің,
- Жағымды сөздер.
- Сандар.
- Пішінді орнына қой.
- Тасбақалардың жүгірісі.
- Менің достарым.

Тақырыбында тренинг ойындар арқылы жүргізілді.

Педагогтардан „Дидактикалық ойын дегеніміз не?“, тақырыбында тест алынды.

Балабақша қызметкерлерінен „Әмиянға қарап адамын таны“, тест алынды.

Сәуір айының барлық жұмыстарына хаттам, қорытынды шығарылды.



ROSSO =




GIALLO =



VERDE =



BLU =







2025-2026 оқу жылының Мамыр айының жоспары. Мамыр айында балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Сурет салу.

Машиналарды гаражға қой.

Таңғажайып көбелектің түсі.

Ине мен жіп.

Достық

Суретті ермек сазбен толықтыр.

Тақырыптарында тренинг ойындары арқылы жүргізілді.

Ата-аналармен және балалармен психодиагностикалық бағытта

„Қолынан танып біл,, „дауысын таны,, атты тренинг ойындары өткізілді.

Балабақша қызметкерлеріне „Мен өмірді сүйемін ,, „Мен күлгенді ұнатамын,,

„Жанұя бақыты,, атты тренинг сәтті өтті.

Мамыр айындағы барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.



Балабақша бойынша мектепке кететін 100 бала анықталды. Балалардың мектепке даярлығын анықтау үшін, арнайы жасалған диагностикалық әдістер қолданылды.

Балабақша педагог-психологы: А.Б. Акжигитова